

БИОЛОГИЯ

МРНТИ 34.03.37

Б.Ф. Есжан¹, А.С. Катчибаева², Ж.С. Кисебаев², Д. Темірхан²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттых Университеті

²Қазақтың спорт және туризм академиясы

ОМЫРТҚА ОСТЕОХОНДРОЗЫ СЫРҚАТЫНЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕМДІК ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме. Адам ағзасы біртұтас жүйе. Ағзадағы қандай да бір жүйе мүшеперінің бұзылысы олардың анатомиялық құрылымының бұзылып, қалыпты физиологиялық қызметтерінің төмендеуімен қатар қайтыссыз патологиялық үдерістерге дейін әкелуі әбден мүмкін. Омыртқа остеохондрозы – ағзаның тірек жүйесі болып табылатын омыртқа бағанасының аралық дисктерінің зақымдалуына, қан тамырлық және жүйкелік қамтамасыз етулердің бұзылысына алып келетін созылмалы сырқаттың бірі. Аталған сырқатта қолданылатын емдік дене жаттығуларының бірқатары аурудың алдын алып қана қоймай, омыртқаның ауырсыну сезімдерінің басылуына, баяулауына әсер етеді.

Түйін сөздер: емдік гимнастика, ревматизм, полиартрит, сегмент

• • •

Аннотация. При Организм человека целостная система. Нарушение какого-либо органа системы в организме может привести к нарушению их анатомической структуры и снижению нормальных физиологических функций, вплоть до необратимых патологических процессов. Остеохондроз позвоночника-одно из хронических заболеваний, приводящих к повреждению межпозвоночных дисков позвоночника, нарушению кровеносного и нервного обеспечения, которое является опорной системой организма. Некоторые лечебные физические упражнения, применяемые при данном заболевании, оказывают не только профилактику заболеваний, но и замедление ощущений боли в позвоночнике.

Ключевые слова: лечебная гимнастика, ревматизм, полиартрит, сегмент.

• • •

Abstract. The human body is an integral system. Violation of any organ of the system in the body can lead to a violation of their anatomical structure and reduce normal physiological functions, up to irreversible pathological processes. Osteochondrosis of the spine is one of the chronic diseases that lead to damage to the intervertebral discs of the spine, violation of blood and nervous system support, which are the supporting systems of the body. Some therapeutic exercises, used in this disease, have not only the prevention of diseases, but also slowing the sensations of pain in the spine.

Keywords: physiotherapy, rheumatism, arthritis, segment.

Кіріспе. Омыртқа остеохондрозының түрлөрі, ағза үшін қауіптілік деңгейлері. Омыртқа остеохондрозы – сүйек және шеміршектердің қабынуынан туындағы патологиялық жағдай. Остеохондроз туберкулез ауруынан немесе сүйектер мен бұындарға ірінді инфекцияның түсінен де пайда болатын жағдайлар кептеп кездеседі. Алайда ауыр дене еңбегі мен шағын жарақаттар және салқын тиіп ауыру факторлары да остеохондроздың туындауына себеп болып, асқындыра түседі. Бұндай ауруға шалдықсан адамдардың сүйектері мен бұындары сырқырап ауырады. Әсіресе, омыртқааралық дискілерде дистрофикалық процесс жүреді. Науқастың жүріп-тұруы қынданады. Кебінесе бұндай жағдай бел омыртқа остеохондрозында байқалады [1]. Оны рентгендік диагностика арқылы анықтайды. Сүйектің пішіні езгермес үшін науқасты қозғалтпай тыныш жатқызу керек. Ауырсынуды азайту үшін ауырған жерге жылу басып, қабынуға қарсы дәрі-дәрмектер берғен жен. Жалпы, аталған ауру жағдайында айығу үшін санатория және курорттарға барып емделіп, қара балшықты пайдаланған, сонымен бірге жүйелі емдік дене жаттығуларын жасау тиімді деп есептеледі. Негізінде остеохондроз – сүйектердің бұын араларына минералды тұздардың жиналуы. Оның белгілері сан алуан. Остеохондроз мойын, кеуде, бел омыртқалар беліғін қамтиды. Өте жиі кездесетін омыртқа остеохондрозының таралуы бойынша статискалық мәліметтерге кез жүғіртер болсақ, таралуы бойынша кептеген елдердің адамдары зардап шегетін аталған ауруды әлеуметтік аурулар қатарына жатқызуға әбден болады (1-кесте).

1-кесте – Популяциялық таралымы бойынша омыртқа остеохондрозы ауыруының мәліметтері

Елдер	Зерттелген адамдар саны	Таралуы %
Германия	1000	50
Мексика	1062	75,5
Ресей	1000	57,7
АҚШ	1135	13-18
Израиль	3316	12,9

Кейбір еңбектерге сүйенсек, аталған аурудың 52 түрі бар. Кейде адамдар ағзада орын алған функционалды езгерістерді елемей жүре береді. Ал мұндаидай белілерге мыналар жатады: мойын бүлшық еті жылдам шаршайды, иық, арқа, екі қолдың бүлшық еті салдырап тез

талып қалады. Ал күн ұзағына қозғалмай үстелде отырып жұмыс істөу ауруды асқындырып жібереді. Иық һемесе буыны ауырған адамдар оны кепшілікке танымал ревматизм һемесе полиартрит ауруымен шатастыруы мүмкін. Остеохондрозға шалдыққанда омыртқа арасынан шыққан жұлынның талшықтары қысылып қалса, жүрек тұсы шаншиды. Ал бұны біреулер инфаркт һемесе стенокардия ауруымен шатастырады. Мәселен, мойын омыртқа остеохондрозында миды қоректендіріп түрған қан тамырлары қысылып, 12 пар мидың жүйелері мен ми сүйегі зақымданады. Бұнда ňеше түрлі белгілер байқалады. Бас пен желке тұсы ауырып, кез бен жұтқыншаққа да әсер етеді. Кейде адам лоқсып құсуы мүмкін. Вестибулярлы езгерістер кезінде адам бар тепе-теңдіктен айырылып тұзу жүре алмайды. Эсіресе, келікке отырып түскен кезде бір жағына қисайып кететін болады. Кезге әсер еткенде кез алды сағымданып, перде түрғандай һемесе ұсақ шыбыншіркейлер ұшып жүргендей керінеді. Ауру асқынған кезде дауыс шықпай қырылдап қалады. Адамда әлсіздік, тез ашулану, екпелеуашілік, қорқыныш, абыржу, ұмытшақтық пайда болып, үйқы бұзылады. Ерекшелер арасында бел омыртқаның зақымдануы, яғни радикулит жиі кездеседі. Аталған ауру қыс мезгілінде жылусыз техника жүргізгенде һемесе мал баққанда пайда болады. Ең алғашқы белгісі – белдің ауруы. Бұл күтпеген жерде кенеттен ұстап қалады. Бел бұлшық еттерінің бірден қатты жиырылып, шымырланып қалуынан ауру оқыс ұстайды. Ауру ұзаққа созылғанда ауыратын нүктені табу қын. Бұнда кезде арқаны тік ұстаса керек, сол кезде омыртқа жотасы жамбас сүйекке қатты кіріфеді де оның арасындағы сақиналды денгелектерге құш бірдей түседі. Сонда ешқандай қолайсыз әрекеттерге жол берілмейді. Аурудан айығудың ең тиімді жолы – дәне жаттығуларын жасау, суда жүзу [2].

Омыртқа бағанасының сырқаттары һемесе ғылыми тілде вертеброенді аурулар деп аталатын патологиялық күй кеп жағдайда бел-сегізкез белімінде 80%-ға жуық кездеседі. Сондықтан омыртқа бағанасының ауруларын емдеу және алдын алу шараларын жүргізу қазіргі таңда кекейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Омыртқа бағанасы, оның бойымен жүретін жұлын белімдерінен тараған жүйке тармақтарының қызметтінің белілі бір деңгейде зақымдалу деңгейі ішкі мүшелердің жүйкемен қамтамасыз етілуінде кедері жасай отырып, құрделі ағзалық бұзылыстарға әкеп соғады. Немесе керісінше, ағза жұмысының қалыпты әрі тұрақты жұмыс жасауы үшін омыртқа бағанасының қызметтінің бір қалыпты болуы аса маңызды [3].

Остеохондроз ауруы қазіргі кезде ете кең таралған аурулардың бірі болып есептеледі. Остеохондроз туындау деңгейі мен дәрежелеріне байланысты зат алмасу үдерісіне зиян тудырумен қатар, омыртқааралық дисктердің (тегеріштердің) дистрофиялық езгерістеріне әкеп согады (1 сурет).

Остеохондроз терминінің магынасы грек тілінен аударғанда, «остеон- сүйек, «хондрос- шеміршек» деген магына береді. Яғни, омыртқа сүйектерінің арасындағы шеміршекті байланыстың дистрофиялық бұзылышы немесе езгерісі болып табылады.



1 сурет – Омыртқа жарақатының сыртқы көрінісі

Остеохондроз дертінің салдарынан мүшедегі қан айналым жүйесінің қаммен қамтамасыз етілуі темендеуі нәтижесінде, қызметі нашарлап, оттегі жеткіліксіздігі (гипоксия) туынрайды. Осының салдарынан омыртқаның сегменттеріндегі фиброзды сақиналардагы ядроларда, байламдар мен бұлшық еттерде, әсіресе тереңдегі бұлшық еттерде дегенеративті езгерістер туынрайды.

Омыртқа остеохондрозының туындау деңгейіне қарай IV кезеңге белінеді.

Остеохондроздың алгашқы кезеңдерінің бірі болып табылатын деңгейінде пульпозды ядроның дискішілік алмасуы туынрайды. Осының нәтижесінде омыртқааралық диск немесе тегеріште де құрылымдық езгерістер байқалады. Қабыну барысында тегеріштегі зат алмасу үрдістерінің бұзылуы нәтижесінде омыртқааралық байламдардың сапалық және сандық құрылымындағы қабыну үрдістері жылдар бойы жүруи мүмкін. Пульпозды ядро біртінде кебе бастайды. Бұл үрдіс тек су мелшерінің азаюы гана емес, нәтижесінде сүйіктықты бір қалыпты ұстап тұру қабілеттің жогалтуымен қатар омыртқааралық байламдардың әлсіреуімен жүретін күрделі биохимиялық үрдіс. Сыртқы керінісі бойынша омыртқа тегеріші езіне тән қалпын жогалып, тығыздығы темендейп, түсі де сарғыш тартып езгері бастайды.

Пульпозды ядро фиброзды сақинаның үстінен қарай жайылдып, жұқара түскенімен омыртқа тефериші үстінен аспайды [4].

Омыртқа остеохондрозының II кезеңінде омыртқааралық сегменттердің тұрақсыздығы байқала бастайды. Теферишішлік қысымның жоғарылауымен қатар, фиброзды сақинада шытынау байқалады. Омыртқа теферишінде протрузия көрінеді. Осы бұзылыстармен қатар, омыртқаның орнынан жылжуы байқала бастайды. Ал медицинағынында шынайы және жалған спондилолистез деғен атаумен сипаттама беріледі. Біз сипаттама беріп отырған омыртқа ауруының III кезеңі құрделі патологиялық кезең десек те болады. Мұндай жағдайда, фиброзды сақинаның жыртылуынан «омыртқа жарығы» туындаиды. Омыртқа бағанаасының бұл бұзылыстарында сырттан келген ауырлық салмағы шамадан тыс кеп болған жағдайда фиброзды сақинаның үзіліу байқалады. Пульпозды ядроның жыртылуынан пайда болған омыртқа жарығы омыртқааралық тесіктердегі жүйке үштаратын қысып, жұлдынға зақым келуі мүмкін. Остеохондроз ауруына әкеп соғатын IV кезең деғенеративті үрдістің белең алу кезеңі. Аталған кезең сатысында остеофиттер деп аталағын сүйек шетіндеғі есінділер қалыптасуымен сипатталаады. Бұл остеофиттер келесі омыртқамен бірге әкеледі. Бір ерекшелігі – осы кезеңде ауру сезімі бәсендеп, жазылдып кеткендей сезім болуы мүмкін [5,6].

Омыртқа остеохондрозы кезіндегі ауырлық сезімінің ерекшеліктері. Бел омыртқасының остеохондрозы кезіндегі ауырлық сезімдерінен туындаityн жағдайлар деңе жүктемелерін орындау кезінде күшіне түседі. Ауырлық сезімінің таралуы жамбас-сан буындарына, тізе, аяқ басы сүйектерінің байланысқан буындарында әртүрлі сипаттағы ауру сезімі түрінде беріледі. Сонымен қатар, қымыл-қозғалыстың баяулауы, вегетативті бұзылыстар туындағанда бастайды. Аталған ауру себептері омыртқа беліктерінің қандай да бір жүйке тармағының қысылып немесе зақымдануына тікелей байланысты. Мысалы, ишиалгия кезінде жүйке еткізғіштің еш зақымдалусыз қызметін атқара береді, тек қана аурудың әсерінен тітіркендірғіш әсер береді. Егер де жүйке қысылуы құрделі болса, бірте-бірте аяқ-қол бұлшық еттерінің қымыл белсенендің әлсіреп, жиі жансыздану сезімдері білінеге бастайды [7-9].

Ал жүйке талшықтарының толық қысылуы жағдайында тек қана сол омыртқадағы жүйке сегменттері ғана емес, керші орналасқан мүшелердің де сезімталдығы темендейді [8,9]. Омыртқаның қысылған

жүйке сегменттерін қалпына келтіру барысында ауру үдей түседі. Сондықтан науқаста да дәрігерде де кейде ауру асқынып жатыр де-ғен түсінік болуы мүмкін (2-сурет).



2 сурет – Бел омыртқасы тегеріштерінің қалыпты және патологиялық керінісі

Бұл вертебрологиядағы құрделі мәселелердің бірі. Мұндай жағдай омыртқаның ауруы бар екенин және түзету қажеттілігі туындал отырғанынан хабардар етеді. Бұл кезде көбіне ауруды басатын және қабынуға қарсы препараттар тағайындалады [10].

Омыртқа остеохондрозының патологиялық жағдайларының қауіпті түстарының бірі – омыртқа арасындағы қысым жұлын-ми түбірінің вегетативті белігі жағында зақымдалу болғанда қан тамырыңқа зақымдалулар, яғни ангиоспазма туындаиды. Аталған бұзылыстар кезінде дене температурасының темендеуі, тері жабындыларының бозаруы т.б белгілер біліне бастайды. Сонымен қатар, ауру асқынған жағдайда аяқ басы және балтыр беліктеріндегі тамыр соғысының әлсіреуі және білінбейі, ауру сезімінің әсерінен тамырлардың тарылуынан ауру сезімінің басым болуы, сонымен қатар зақымдалған омыртқаның маңындағы терең орналасқан бүлшық еттердің рефлекстік қысылуы пайда болады [11].

Ауру қүйінің әсерінен кей жағдайда ішкі мүшелердегі езгерісті жайлар науқасқа басқалай белгілермен берілуі мүмкін. Себебі, қан тамырларының қысылуынан қанмен қамтамасыз етілудің нашарлауы, болмаса зақымдалған жүйке әсерінен жүйкелік таралудың нашарлауы жақын жатқан мүшелерге басқа да патологиялық қүйдегі сипатта беріледі.

Атап айтқанда, асқазан маңындағы омыртқада жүйкелік зақымдалу туындаса, асқазанның жайсыз сезімдері, қыжыл, ауызда

кермек дәмнің сезіліуі т.б. құймен сипатталады. Бірте-бірте асқынұлар өсерінен ғипоксия туындала, асқазанның шырышты қабығының фермент белу қабілеттің бұзылысына әкеп соғады. Кеп жағдайда, науқасты ғастритке яғни асқазанның шырышты қабығының қабынуы диагнозы бойынша ем жүргізеді. Аздаған ем жүргізгенен кейін, ауру қүйінің басылғаны байқалады. Дегенмен, бірте-бірте рецидив ершигінен, асқазанның ойық жарасы туындала, ағзаның қат жұмсалуының нашарлауынан күрделі патологиялық қүйге кешеді [12]. Ем жүргізуі асқазанның ойық жарасын емдеуғе, фермент белу қызметтің реттеуғе жүргізіледі. Барлық мәселе омыртқааралық буындардағы зақымданулар өсерінен болып отыр. Сондықтан ем омыртқа жарақатын түзеуден басталуы керек екені ескеріле бермейді. Мұндағы күрделі жағдай, тармақталған жүйке үштари ғана емес патологиялық бұзылу барлық қамтамасыз етілеттің мүшелерде де бұзылысқа үшірайды (2-кесте).

Кейде бұлшықет қозғалысының нашарлауы байқалады. Бұл беттік бұзылыстар деп сипатталады. Негізгі ауырсынулар жай ғана уақытша сипатта керініс алады. Кебіне (әйел) науқастар бел-сегіз-кез радикулитіне шағымданады да сол бойынша жақта майлар, пероральды препараторлар қабылдаумен шектеледі. Бірте-бірте жамбас қуысындағы мүшелерде ғипоксия туындала, қабынулар асқынған жағдайда, фибромиома, киста, езге де жамбас қуысының қабыну аурулары байқалады [13-15].

Кез-келген жамбас қуысының аурулары: гемморой (кетеу), парапроктит, импотенция, цистит т.б аурулар омыртқа белімінің бел-сегіз-кез аймақтарының зақымдалуынсыз, ездігінен патологияға үшірауы медициналық практикада сирек кездеседі. Егер де аталған ауру қүйлерін анықтаған жағдайда, омыртқа белімдеріндегі бұзылыстардан болуы мүмкін екенін білмеген қүйде, емді жалғастырған кезде бауыр дистрофиясы, бүйрек жеткіліксіздігі, аллергиялық аурудың кейбір түрлері т.б. жайларға ұласып, нақты диагноз қою мүмкін болмай кетеді. Сонымен бірге, аурудың жазылу деңгейі де үзара түседі. Өткінішке орай, кеп жағдайда созылмалы аурулардың негізінде омыртқааралық байладардың, омыртқааралық дисктердің зақымдалуы себеп екенін біле бермейміз (2-кесте). Әйткені, адам ағзасы біртұтас жүйе. Ондағы мүшелер бір-бірімен тікелей байланысты және омыртқа бағанасынан тарапған 31 жұп жүйкеге тікелей байланысты болып келеді [16].

Әрбір жүйке ағзаның әрбір мүшесін жүйкемен қамтамасыз етіп, қызметтің реттеп отыратын биологиялық заңдылық. Сондықтан ағза-

ның ауру күйін анықтау барысында барлық мүшелердің қандай жүйкемен қамтамасыз етілетінің назар аудару керек, сонымен бірге омыртқадан тараалған бастапқы негізгі жүйке тармақтарының омыртқааралық дисклердің зақымдалуынан, ягни остеохондроз әсерінен жүйке иннервациясының бұзылуы мүмкін екенін толық ескеру керек [17, 18].

Остеохондроз диагностикасы мен емдік гимнастикалардың бірқатары. Омыртқа ауруларын ягни, вертебробогенді ауруларды емдеу және диагностика жасау үшін спондилографиялық әдістер және компьютерлі томография, магниттік резонанстық томография әдістері қолданылып, нәтижелеріне қарай ем түрлөрі тагайыналады. Омыртқадагы қан айналым туралы ангиографиялық тәсілдері, ал бұлшық еттер жүйесі мен жұлдындағы зақымдалған жүйке үштаратының зақымдалу деңгейін электромиография әдісі анықтап береді [19]. Омыртқа аурулары бойынша, ем жүрпізуінің статикалық мәліметтеріне кез салсақ, омыртқааралық дисктердің жарығына хирургиялық ем жүргізгенде 17%-ы нәтижесіз, 5% асқынулар туындал, 1-3%-нда ота жасалғаннан кейін елім жагдай туындалған. Ал 50% науқастарда жұмысқа жарамсыздық туындалған. Медикаментозды ем нәтижесінен кеп жагдайда интоксикацияның жанама әсері нәмесе дәрі-дәрмекке деген тәуелділік, кей жагдайларда аллергиялық реакциялар көтеп тіркеледі екен.

Омыртқа ауруларына ем жүрпізудің кең тараалған әдістерінің тагы бірі тракционды емдеу әдісі. Аталған емдеу түрінде, омыртқааралық дисктердегі қысымның темендеуі әсерінен, ауру сезімінің бәсендеуі байқалады. Дегенмен де әсері аз уақытқа гана басылғанымен, қосымша ем түрі жанама жүргізілуі керек болып табылады.

Мануальды терапия омыртқа сегменттерінен әсер ете отырып, бұлшықеттер мен фиброзды үлпалардың проприорецепторларына әсер етеді. Дегенмен, мануальды әдістер арқылы жүргізілген тәсілдер әсерінен омыртқалар арасында «омыртқааралық жарық (грыже-видное выпячивание)» пайда болуынан қабынулар туындауы әбден мүмкін. Физикалық әдістермен (физио және жылу арқылы жүргізілетін әдістер) 6 айдан 12 айга дейін ұзақ және қарқынды ем жүрпізілуі тиіс. Осы әдістерді қолдану кезінде жарықұстілік байлам есінділерінің үлгаюынан, сары байламның жуандауы туындал, жұлдын-ми каналының тарылуы байқалады. Массаж, акупунктура езге де рефлексті терапиялар басқа емдеу тәсілдерімен бірге қосымша жүргізілген жагдайда гана тиімді әсер береді.

Остеохондроз ауруында емдік деңе жаттыгуларын орындау барысында алгашында үлкен қажыр-қайрат пен шыдамдылықты қажет

ететін кезеңдерден етуғе тұра келеді. Бұл омыртқа дисктеріндегі жарықтың жаңа түзілгені, сондықтан әлі де ауырсыну сезімдерінің басым кезі болып есептеледі [20]. Омыртқааралық байланадардағы жыртылған сақинадағы түзілген фиброзды байланыс әлсіздеу болады. Әлсіздігі сонша, аздаған жүктеменің әсерінен зақымдалып, дискаралық қысымының езгеруіне әкеп соғады. Сондықтан емдік жаттығулар аса үқыптылықпен жүргізілгені абзal. Омыртқа остеохондрозының бірінші кезеңі еткір ауру белгісі ретінде сипатталады. Бұл ауру кезеңіндегі жүргізілтін емнің мақсаты – омыртқааралық дисктердің қабынуы кезіндегі қысылған жүйке үштарының қалпына келуін қамтамасыз ете отырып, ауру сезімін бәсендету және бұлшықеттердің босаңсына жағдай жасау. Ал екінші кезеңді тұрақсыз және ремиссия кезеңі деп ажыратуға болады. Кез келген ауру барысында науқасқа тыныштық қажет екені белгілі. Дегенмен тыныштық уақытының ұзаққа созылуы ағза функциялары мен жалпы тонусының темендеуіне әкеп соғады. Сондықтан ағзаны тыныштандыруды дең жүктемелерімен қатар алмастырып отыру керек. Тыныштық пен дең жүктемелерінің ретті алмасуы қозғалыс режимі нәмесе тәртібі деп аталады. Қозғалыс тәртібінің үш түрін ажыратамыз. Жеңілдетілген (щадящий), тонусты қалпына келтіруші және жаттықтыруши. Аталған қозғалыс тәртібі науқастың ауру сипатына қарай ерекше тәртіппен жүргізіледі [21,22]. Ауру сипаты ауыр жағдайдағы науқастарға женілдетілген (щадящий) қозғалыс әдісі тағайындалады. Дегенмен ұзақ ғипокинезияның салдары бұлшықет жүйесінің әлсіреуінен қозғалыс белсенділігінің темендеуіне әкеп соғады. Мұның салдары ағза мүшелеріндегі бұзылысқа ұшыраған қызметтерінің қалпына келу деңгейін кешіктіреді.

Бір жағынан белсенді қозғалыс тәртібі аурудың еткір үдеріске ауыспай тұрған бастапқы сатыларында бұлшық еттердегі патологиялық езгерістерді және омыртқа құрылымының қызметтін реттеп жақсартады. Жалпы омыртқааралық дисктердегі патологиялық езгерістердің бастапқы сатыларында омыртқа сегменттерінің аралық буындарына жүктеме түсіру жаттығулары жүргізіледі. Аталған жаттығуларды жүргізу үшін омыртқа сегменттерін кифозирлеу, яғни бұғу және бұлшық еттерді босаңсыту жаттығулары жүргізіледі. Омыртқа бағанасының ауруларына жүргізілетін жаттығулардың бір түрі омыртқа сегменттеріне жүктеме түсіре отырып созу болып табылады. Г.Илизаров деген ортопед-дәрігердің еңбектерінде «созу барысында түсетін мықты салмақтың әсері үлпалардың есуін белсендіреді» деп тұжырым жасаған. Аталған заңдылыққа сүйене отырып, жаңа түзілғен

тері, бұлшықет, сүйек және қан тамыр бірліктерінің түзілуін реттеуғе болады делінген. Берілген тұжырым практикалық қолданыста жақсы нәтижелер берді. Жаттығуды қолдану барысында, вертикальды бағытта отырған науқасқа (отырған немесе тұрган қалпында) омыртқа дискинен дене салмағының түсі және тұлға бұлшық еттерінің салмағы мен гравитациялық салмақтың үштасуы кезінде жаттығу берілуі тиімді. Дегенмен отырған уақыттағы омыртқааралық дискиндең қысым тік тұрган қалыптағы қысыммен салыстырғанда 25% жоғары.

Басқа да ғылыми зерттеулерде, омыртқа бағанасын созу арқылы жасалынатын жаттығулар дискаралық қысымның азайып, алмасу үрдістерінің жақсаратынын көрсетеді. Жаттығулар нәтижесінде диск ядросы вакуумизациясының жақсаруы мен фиброзды сақинаның қалпына келуіне тиімді жағдай түдүрады. Сонымен бірге атаптап жаттығуларды жасау барысында бел бұлшық еттеріндегі түйілудер мен омыртқааралдағы дистрофиялық езгерістердің дамуының баяулауына әкеледі [23].

Омыртқаны кифозирлеуға арналған жаттығуларда омыртқа зақымдалулары мен ауырған жағдайда қолданылатын емдік жаттығулардың бірі. Женіл кифозирлеу жаттығуларында науқасқа жамбассан буындарынан және тізе буындарынан бүгіп, созылуға мүмкіндік жасай отырып салмақ түсіреді. Жаттығудың жүйелі жасалуы барысында омыртқааралық құыстардағы қысымның мелшері езгеріп, омыртқаның алдыңғы байламдарында босаңсу байқалады. Омыртқаның алдыңғы байламдарының созылып, босаңсуы нәтижесінде ауыру белгілері басылады. Мұндай жаттығулар салдарынан омыртқаның сыртқы байламдары созылып, ауыру қүйі мүлдем басылып кетеді деп айтуда болмайды. Тек мелшерлей отырып, жүрпізілген жағдайда ғана кез келген жаттығудан нәтиже болатынын ескере кету керек. Сонымен қатар, кифозирлеу жаттығулары барысында мелшері, жүрпізілетін уақыты емделушінің жасы және жынысы сонымен қатар, омыртқа остеохондрозының түрлері мен ауру кезеңдері де есте болғаны жен.

Омыртқа остеохондрозындағы емдік жаттығулардың бірқатары ауру сезімін бәсендештуғе, омыртқааралық тегеріштердегі қысымның езгеруіне сонымен бірге омыртқааралық дискиндең фиброзды сақиналарының қалпына келуіне ықпал жасайтыны туралы мәліметтер вертебролог дәрігерлер еңбектерінде кездеседі [24,25]. Кифозирлеу әдістерінің бірқатары біркелкі, баяу және үзақ уақытқа дейін қайталау арқылы жүрпізіліп отырады. Мысалға алатын болсақ, темендері суретте (3-сурет) бастапқы қалып тегіс жерде шалқасынан жатқан қүйі

аяқтың балтыр белігінә биіктөу зат қойып, аяқ-басының буындарын алдыға және артқа созу жаттығулары ретті жасалынады. Сонымен бірғе қол-басы буындарын бірқалыпты түрде ретті ашып-жұму арқылы жаттығу ретін жасайды.



3 сурет – Омыртқа остеохондрозы кезіндегі балтыр сүйектерін жоғары кетеру арқылы жасалынатын жаттығудың бір түрі

Омыртқа остеохондрозындағы кифозирлеу әдісі кезіндегі жаттығудың тағы бір түрі (4-сурет) науқасты шалқасынан жатқызған күйі аяқтарын кезекпе-кезек тізе буынынан бүгү-жазу жаттығуларын жасайды. Мұндағы жаттығу жасаудың ерекшеліктері бірқалыпты, ағза мүшелеріне және тереңдеп бүлшық еттерге салмақ түсірмestен жасалуы керек. Омыртқааралық бүлшық еттердің бірқалыпты қозғалысы арқылы омыртқааралық тегеріштердің қысымының бір қалыпты болуын қамтамасыз етуғе һеғізделген.



4 сурет – Аяқты тізе буынынан бүгіп-жазу арқылы жасалынатын жаттығу түрі

Омыртқа остеохондрозы кезіндегі бірқалыпты жасалынатын жаттығулардың келесі бір сатысы (5-сурет) аяқтың балтыр белігінен жоғары кетеріліп тұруын қамтамасыз ете отырып, қолды жоғары темен созу болып табылады. Жаттығу барысында омыртқааралық сыртқы байламдардың және иық бүлшық еттерінің белсенді қозғалысы барысында омыртқаның ретті қозғалысынан омыртқааралық тегеріштердегі қысымның бірқалыпты болуымен қатар ауру сезім-дерінің баяулауы туындейдьы. Тағы да қайталанып айттылатын және есте сақтауға тиісті мәселелердің бірі – әрбір жаттығуды ретті, жүйелі және белгілі бір уақыт аралығына дейін жасаған жағдайда ғана тиімді әсерін береді.



5 сурет – Қолды иық буынынан жазып-созу арқылы омыртқаға түсетін салмаққа арналған жаттығу

Келесі (6-сурет) жаттығу науқастың бір қалыпты жағдайда шалқасынан жатқан қүйі жасалынады. Тұлғаның кеуде белігін қозғалтпаған қүйі тізе буынынан бүгіп-жазу арқылы, аяқ басының белігін тілерсек буынанан бүгіп жазу арқылы жасалынады. Кифозирлеу барысында жасалынатын жаттығулардың бірқатарының ерекшеліктері буын қозғалысы арқылы бұлшық еттерге әсер ете отырып, омыртқа бағанасындағы омыртқалардың сыртқы байламдары мен омыртқааралық тегеріштердің қызметтін жақсарта отырып жасалынады [26].




6 сурет – Аяқты тілерсек буынынан бүгіп-жазу арқылы жасалынатын жаттығулар

Темендегі көрсетілген келесі жаттығудың бір ерекшелігі жаттығу барысында тізе, иық-білезік, омыртқааралық және омыртқаның сыртқы буындарындағы қозғалыстарды қамтамасыз ете отырып, тұлғаның аталған беліктеріндегі бұлшық еттердің қозғалысы жүзеге асырылады (7-сурет). Жаттығудың сыртқы сипатына тоқталар болсақ, науқасқа еңкейген қүйде тізе буынына сүйене отырып, бір қолдың кемегімен екінші қолды барынша созып, артқа қарай керу арқылы жүргізіледі. Жаттығудың тиімділігі сол, омыртқа бағанасының кеуде белігінің белсенді қозғалысын қамтамасыз етеді [27].



7 сурет - Тізерлөген күйі қолды иық буынынан созып-жазу арқылы омыртқаға күш түсіре жасалынатын жаттығулар

Жоғарыда көрсетілген жаттығулардың барлығы белгілі бір реттеп жасалынады. Сонымен қатар, қосалқы заттарсыз тек тікелей буындарға, бұлшықеттерге сонымен бірғе омыртқаның остеохондроз науқасына шалдыққан беліктеріне ықпал ете отырып жасалынатын жаттығулар тобының бір қатары арнайы құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асатын жаттығулар [28]. Мысалы, келесі жаттығулардың бірқатарына тоқтала кетсек, темендеғі жаттығу тобы болып отыр (8 сурет). Бұл жаттығудағы ерекшелік белгілі бір кедеріні пайдалана отырып, кифозирлеу жаттығуын жасау ұсынылады. Жаттығу барысында тік түрған бойда белгілі бір кедеріне сүйене отырып, омыртқа беліктеріне күш түсіру. Жаттығу тиімділікі жанама әсер арқылы бірден омыртқа белгінен тікелей әсер етеді.



8 сурет – Арнайы тіреуге сүйене отырып, омыртқа бағанасына күш түсіре жасалынатын жаттығулар

Омыртқа бағанасының патологиясында қолданылатын жаттығулардың тағы бір қатары, арнайы созу құралдарын пайдалана отырып жүзеге асрылады (9-сурет).

Жалпы омыртқа остеохондрозы кезіндегі жасалынатын жаттығулар үшін қолданылатын құралдардың кепшілікі арнайы дайындалған жөнө дұрыс мелшерлеме берілген жағдайда ғана тиімділігінің

арта түсे�тінін жоғарыда айтқанбыз. Темендеңі жаттығу туралы мағлұмат беретін суретте бейнеленгендей, омыртқа дертіне шалдыққан науқастың шалқасынан жатқан қүйінде арнайы құрылғының кемегімен аяқты жоғары кетеріп және түсіріп жаттығу жасауға мүмкіндік туғызады [29,30].



9-сурет – Арнайы созу құралының кемегімен жамбас-сан буынынан бұгу-жазу арқылы омыртқаға жасалынатын жаттығулар

Омыртқа остеохондрозы барысында жасалынатын емдік жаттығулардың кепшілігінде, өсіресе бел омыртқа түсындағы ауруларында омыртқаның терендерінде және беткі бұлшық еттерінің, сонымен бірғе құрсақтың тік және қиғаш бұлшық еттерімен тікелей байланыста жүргізілетінін ескеру керек. Жаттығу түрлерінің кезеңдерін ету барысында аталған бұлшық еттерге де түсे�тін салмақ пен жаттығудың тиімділігі ескеріліп отырады. Құрсақ белігінің тік бұлшық еттері құрсақшілік қысыммен бірғе қамтамасыз етіледі. Мұның омыртқа бағанасына түсіретін салмақтың келеміне қарай маңызы зор. Аталған бұлшық еттердің босаңсуы барысында бел лордозының үлғаюына әкеледі [31].

Ауыр атлеттердегі омыртқа жарақаттарының кепшілігі бел белімінде жиі кездеседі. Бел остеохондрозының туындау себептері:

- шамадан тыс ауыр жүктемелер;
- жаттығу техникасының бұзылуы;
- құрделі жаттығулардан кейінп әзәр мүшелерінің толық тынық-пағандығы;
- дененің жекелей беліктеріндең бұлшық еттерге артық салмақтың бірден түсіуі т.б.

Жарақат алу қаупі омыртқаға шамадан артық түскен жағдайда омыртқа бағанасындағы омыртқааралық буындардың, байламдардың созылуына, омыртқаның ез білігінен жылжып кетуіне, омыртқа беліктеріндең жекелей құрылымдық элементтердің бұзылуына әкеліп соғады. Мысалы, жұлқа кетеру түрінде омыртқааралық тегеріштерге бірден түсे�тін ретсіз салмақты айтпағанда иық, шынтақ және тізе буы-

нындағы байламдарымен қоса зақымдалулары болады. Мұндай жағдайда кебінесе омыртқаның компрессионды сынығы жиі кездеседі [32].

Жарыс алдындағы нәмесе кезекті жаттығулардың жиі нәмесе ретсіз орындалу барысында, кеп жағдайда ағзаның жаттығулардан соң дұрыс тынықпауы нәтижесінде, омыртқа төгеріштерінің фиброзды талшықтарының дистрофиясына әкеледі. Мұндай ауыр патологиялық жағдайларды туыннатпау үшін, демалыс пен жаттығудың рельн қатаң сақтау тиімді. Себебі, күрделі жаттығулардан кейін тиімді тынығу омыртқа арасындағы фиброзды сақиналардың созылғыштық қасиелнің нәтижесінде қалпына келуі жақсырып, ағза буындарының оның ішінде омыртқааралық буындардың жарақатының алдын алуға мүмкіндік береді.

Ауыр атлеттердегі омыртқа жарақатарының тағы бірі – бірінші бел омыртқадағы келденең есінділерінің бүлшық еттерінің созылуы нәмесе үзіліу. Аталған жарақаттардың алды сол, зілтемірді бірден кетерген кезде жиі кездеседі. Мұны жаттықтыруышылар мен дәрігерлер омыртқаның жекелей бүлшық еттерінің толыққанды шынықпағандығының керінісі деп баға береді.

Сонымен бірге құрсақтағы тік бүлшық еттердің дұрыс жаттықпауы нәтижесінде, омыртқа иіндерінің лордотикалық, яғни алдыға қарай қи-сауына әкеп соғады. Омыртқаның бір белігінің жарақат алуы ол міндетті турде омыртқа тесіктерінен таралатын жұлдынның бір белігінің қысылуына әкеледі. Аталған патология кезінде медикаментозды ем дұрыс жүргізілмесе, қайтымсыз қайғылы үрдістерге әкеп соғады [33,34].

Ауыр атлеттердегі ауыр жаттығулар туралы сез айттар болсақ, олардың қатарына ауырлық қүшінің толық түспеуінен омыртқа бағанасының ез білігінен қисауы жатады. Сонымен бірге ауырлық қүшінің толық таралмауы әсерінен бел омыртқаларының қозғалғыштығы артады. Мұның нәтижесінен омыртқааралық төгеріштердің тозуы туындалап, күрделі қайтымсыз процестер орын алады. Ауыр атлетикадағы ауыр жаттығулар барысында, мысалы зілтемірді кетере тұрып, отырып-тұру жаттығуларын жасау кезінде омыртқа бағанасының оның ішінде төгеріштердің зақымдалуы орын алады. Ал жатқан күйде ауыр зілтемірді кетеру барысында жұмсақ үлпалардың жарақаттануы беткі байламдардың созылуы, сонымен бірге омыртқаның келденең есінділерінің байламдарының жыртылуы туындейды.

Омыртқа жарақаттарының алғашқы белгілерінде қатты ауырсыну байқалады. Егер аурудың бастапқы кезеңдерінде омыртқа төгеріштерінде езгеріс болмаса, жайсыз сезіммен қатар аяқ пен саусақ үштариңда үю секілді баяу жансыздану процестері байқалады. Ауыр-

сынулар жиілейді, ауру белгілері тек жаттығу жасаған уақытта ғана басылғанымен, тыныштық қалыпта аса байқала бермеуі мүмкін. Дегенмен, омыртқа беліктерінің қай-қайсысында болмасын ауырсынударды бей-жай қалдыруға болмайды [34,35].

Кеп жағдайда спортшылар омыртқа жарақаттарының көпшілігін созылмалы кезеңде жеткен кезінде ғана емдеуға барады. Дәрілерлер тәжірибесінде 90% жағдайда арқа ауруларының қайтымды екенин алға тосады. Мұндай жағдайлар кебінесе жұмсақ үлпалардағы микроракақтармен сипаттала отырып, жерғілікті ауырсыну – люмбал-фиямен сипаталады [36].

Омыртқа жарақаты кезіндеңі бастапқы ауру белгілері:

- омыртқадағы қатты қимыл кезіндеңі дыбыстың естілуі;
- қатты ауырсыну;
- аяқтың, саусақтардың жансыздануы;
- аяқ беліктеріне берілетін қатты ауырсынудар;
- кеп күнғе дейін ауру белгілерінің созылуы.

Қорытынды. Аталған белгілер барысында жаттығудың ретін сақтау, арнайы бекітпе белдемше нәмесе арқа тартқыштарды қолдану, демалысты дұрыс үйімдастыру, деңе бұлшық еттерін жекелей шынықтыру, омыртқаға құш түсіретін жаттығуларды бірден бой қызыдыруынсыз жасамау, арнайы қыздырғыш әсері бар жақпа майларды қолдану, бірінші кезекте дәрігерге керіну қажет.

Әдебиеттер

- 1 Адам анатомиясы. / Э. Қүзенбаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. – 238 бет.
- 2 Жандар Керімбектің Ермакханы, Тәнттану (адам анатомиясы). Оқулық 2-басылымы. – Алматы, «Білім», 2004. – 464 бет.
- 3 Дүйсембин Қ., Алиакбарова З. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы/ Оқулық, 1-ші басылым. Алматы, 2003.-400бет.
- 4 Дағырбекова М.М. профессор. Адам анатомиясы. Оқулық. Қазақ тілінде. Алматы. - «Нұр-Принт», 2010. - 288 бет.
5. Подчуфарова Е.В., Яхно Н.Н. Боль в спине и конечностях // Болезни нервной системы / Под ред. Н.Н. Яхно. — М.: Медицина, 2005. — С. 313-318.
- 6 Кукушкин М.Л. Этиопатогенетические принципы лечения хронической боли // Российский реферативный журнал. - 2007. - Т. 15, № 23. — С. 827-833.
- 7 Бирюков А.А. Массаж – М.: Фи С, 1988
- 8 Матхаликов А.Ф. Неврологические синдромы шейного остеохондроза: Методическое пособие. – Ташкент, 2003. — 25 с.
- 9 Ананьева Л.П., Балабанова Р.М. Лечение аналгетиками центрального действия хронического болевого синдрома при заболеваниях костно-мышечной системы // Consilium medicum. — 2001. — Т. 3, № 9. — С. 428-432.

- 10 Чичасова Н.В. Локальная терапия суставов, периартикулярных тканей и позвоночника в клинической практике // Справочник поликлинич. врача. — 2003. — № 2. — С. 19-20.
- 11 Каленова И.В. Особенности вертебральных синдромов у лиц юношеского возраста и их динамика под влиянием лечения: Дис... канд. мед. наук. — 2006.
- 12 Клименко А.В. и др. Проблемы вертеброневрологии юношеского возраста // Актуальные проблемы науки и практики. — 2007. — Вып. 71. — С. 61-64.
- 13 Возрастные изменения гемодинамики в покое и при физической нагрузке в зависимости от функционального состояния юных спортсменов / Т.К. Багиров, А.И. Никифоров, Н.А. Рустамова, Э.Б. Кафаров // Физиология человека. - 1989. - №4. - С.63-67.
- 14 Вейс А.М. Вегетативные расстройства. Клиника, лечение, диагностика/А.М. Вейс. - М.: Медицинское информационное агентство., 2000.-752с.
- 15 Власов В.В. Оценка физической работоспособности при избыточной массе тела / В.В. Власов // Физиология человека. - 1991.-№3. -С.79-83.
- 16 Ванюшин, Ю.С. Типы адаптации кардиореспираторных функций спортсменов к физической нагрузке / Ю.С. Ванюшин // Физиология человека. - 1999. - №3. - С.91-94.
- 17 Ванюшин Ю.С. Адаптация сердечной деятельности и состояние газообмена у спортсменов к физической нагрузке / Ю.С. Ванюшин, Ф.Г. Ситдиков // Физиология человека. - 1997. - №4. - С.69-73.
- 18 Бровкина И.Л. Функциональные пробы в практике спортивной медицины и лечебной физкультуры: Учебное пособие. М.: Советский спорт, 2003. – 44 с.
- 19 Применение методов статистического анализа: Учебное пособие./Под ред. Кучеренко В.Э. – М.: ГЭОТАР-МЕД, 2006, - 189 с.
- 20 Жасеспірімдердің жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық жағдайы (өдеби шолу). //Гигиена, эпидемиология және иммунобиология. – Алматы, -2010. -№2. – С. 9-10.
- 21 Емдік гимнастика: Оқулық-Алматы: Қазақтың спорт және туризм академиясы, 2001 – 133 бет.
- 22 Адам денесі/ Суретті анықтамалық. Организмнің құрылышы, қызметтері және аурулары. Тони Смит редакциясы. Алматы, «Алматықитап» 2006.
- 23 Спортивная физиология: Учеб. для ин-тов физ. культ./Под ред. Я.М.Коца.- М.: Физкультура и спорт,/ 2000 с, ил.
- 24 Ланда Б.Х./ Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности: учеб. пособие / 3-е изд., испр. и доп.- М.: Советский спорт, 2006. – 208 с.: ил.
- 25 Лечебная физическая культура: учеб. Для ин-тов Л 53 физ. Культ./ под ред. С.Н. Попова.-М.: Физкультура и спорт, 1998.-271 с., ил.
- 26 Лечебная физкультура и врачебный контроль: Учебник для студентов мед. вузов./Дубровский В.И.-М.: ООО «Медицинское информационное агентство», 2006. - 598с.: ил, табл.
- 27 Лечебная физическая культура: учеб. Для ин-тов Л 53 физ. Культ./ под ред. С.Н. Попова.-М.: Физкультура и спорт, 1998.-271 с., ил.

- 28 Гимнастика: учеб. для студ. высшей учебной заведений/М.Л Журавин, О.В. Загрядская, Н.В. Казакевич и др. ; под ред. М.Л. Журавина, Н.К. Меньшикова. – 4-е изд. испр. – М. : Издательский центр «Академия» 2006. – 448 с.
- 29 Чабаненко С.Н. Массаж при заболеваний органов дыхания./ М.: Издательство «Вече», 2004. - 176 с.
- 30 Лечебная физическая культура: учеб. Для ин-тов Л 53 физ. Культ./ под ред. С.Н. Попова.-М.: Физкультура и спорт, 1998.-271 с., ил.
- 31 Физиология: учебник для медицинских вузов / под реф. Профессора А.Н. Волжина. Медпресс, 2000. - 329
- 32 Рақышев Алшынбай. Адам анатомиясындағы халықаралық ата-үтерминдер (латын, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – Алматы: «Кітап» баспасы, 2011.
- 33 Хендрикс Г. Дыхательные упражнения для здоровья и самосовершенствования. –М.: Союя, 2003. -28
- 34 Белая Н.А. Лечебная физкультура и массаж. – М.: Советский спорт 2001. - №10. - 346
- 35 Голинская М.С. Разработка здорового принципов восстановительного лечения методами лечебной гимнастики // медицинская помощь. – 2005. №1. – с. 30-37
- 36 Лечебная физическая культура: учеб. Для ин-тов Л 53 физ. Культ./ под ред. С.Н. Попова.-М.: Физкультура и спорт, 1998.-271 с., ил.

Есжан Б.Ф. - докторант, e-mail: banu.23@mail.ru

Катчибаева А.С. - старший преподаватель кафедры анатомии и физиологии

Кисебаев Ж.С. - кандидат биологических наук, зав. кафедрой анатомии и физиологии

Темирхан Д. - магистрант